



«ЖАСЫЛ ЕЛДІҢ» КЕЗЕКТІ МАУСЫМЫ

16 маусым күні «Жасыл ел» жастар еңбек және құрылыс жасақтарының кезекті маусымының ашылу салтанаты өтті. Салтанатта «Ақ бүрку» рәсімі ұйымдастырылып, ауыл ақсақалдары батасын берді. Сонымен қатар Абай Мақсотов, Ерәлі Абдолов, «Қарлығаш» би ансамблінің бишілері мен «Жасыл ел» қатарындағы өнерпаздар өнерін паш етті. Аудан әкімінің орынбасары Қадер Нұрғалиев жас еңбексүйгіш азаматтар мен азаматшалардың жұмысына сәттілік тілеп, маусымның ашылуымен құттықтады. Белсенді жастар заманауи би ырғағымен және «Жаңа Қазақстан! Жаса Қазақстан! Алға, «Жасыл ел!»» ұранымен ашылу салтанатын қорытындылады.

Аудандық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталық директоры Мұқағали

Өтегенұлы өз сөзінде «Жасыл елдің» алтыншы маусымы бастау алып жатқанын атап өтті.

– «Жасыл ел» жастар еңбек және құрылыс жасақтарының 2017 жылдан бастап есепке алар болсақ, алтыншы маусымының ашылу салтанаты өтті. Ауданымыз бойынша 80 сарбаз екі кезеңге бөлініп, маусым және шілде айларында Казталов және Жалпақтал ауылдық округтерінде жұмыс атқарады. Олар алдағы уақытта ауданымыздағы саябақтарды жасылдандыру мен түрлі тазалық акциясына қатысып, ауданымызды абаттандыру жұмысына үлесін қосады деген сенімдеміз, – деді ол.

Облысымыз бойынша «Жасыл ел» еңбек және құрылыс жасақтарының VIII маусымы басталса, ауданымызда VI маусымы өз жұмысын бастады.

А. БАЙҒАЗИЕВ

«STREET WORKOUT» АЛАҢЫ АШЫЛДЫ



17 маусым күні Казталов ауылында «Street Workout» алаңы бой көтеріп, ашылу салтанаты өтті. Аудан әкімінің орынбасары Зәйлім Мәжитова ауыл тұрғындарын заманауи үлгідегі жаңа алаңның ашылуымен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

– Ауданымызда бұқаралық спортты дамыту мақсатында ілкімді істер жүзеге асырылуда. Казталов ауылында ашылып отырған «Street Workout» алаңы да ауыл тұрғындарының спортпен шұғылданып, бұқаралық спорттың дамуына өз септігін тигізеді. Бұл алаң – тек ересектердің ғана емес, балалар мен жасөспірімдердің де саламатты өмір салтын ұстануына зор мүмкіндік. Алаң жергілікті бюджет қаражаты есебінен салынды. Осындай әлеуметтік маңызы бар нысандар тек жергілікті қаражат есебінен ғана емес, өз ықпалымызбен, түлектердің, ауыл тұрғындарының қолдауымен көптеп салынуы керек. Сонда ғана біз келешек ұрпақтың саламатты өмір салтын ұстануына мүмкіндік жасаймыз. Халық игілігі үшін атқарылар жұмыстар жалғасын таба береді. Ендігі міндет заманауи нысанды күтіп ұстап, мәдениеттілігімізді арттыруымыз қажет, – деді.

Спорт алаңының лентасын қию құрметі Казталов ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұқанғали Бектілеуов пен ардагерлер арасында пауэрлифтингтен Азия чемпионы Айдын Елемесовке берілді. Жаңа нысанның ашылуына орай ауыл тұрғындары да өз пікірін бөлісті.



– Казталов ауылында үлкен қуаныш. Оған себеп болған халықтың спортпен шұғылдануына мүмкіндік туғызатын спорт нысанының бой көтеруі. Спорт – денсаулық кепілі. Ауданымыздан спорт саласы бойынша олимпиада, Азия, әлем чемпиондары шыққаны белгілі. Жастарымыздың спортқа қызығушылығы артып, дені сау ұлт қалыптастыруға бұл спорт алаңы өз септігін тигізеді деген сенімдемін, – деді спорт ардагері Марат Тоясов.

Айта кетейік, «Street Workout» алаңын салу «AMANAT» партиясы Казталов аудандық филиалының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасында қамтылған. Аудандық мәслихат депутаттарының да нысанның салынуына қосқан үлесі зор. Алаң құрылысын «БатысКотлоМонтаж» ЖШС жүргізді.

Бекарыс ӘБІШ

«ЖҰМЫСТЫ ЖЕДЕЛДЕТУ ҚАЖЕТ»



16 маусым күні «AMANAT» партиясы Казталов аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының мүшелері Сарықұдық негізгі мектебі, А. Оразбаева және А. Құсайынов атындағы орта жалпы білім беретін мектептердің құрылысы барысымен танысты. Комиссия мүшелері құрылысқа жауапты учаске басшылары және құрылысшылармен кездесіп, мәселелеріне құлақ түріп, жұмысты жеделдету керектігін атап өтті.

– Білім ордаларының құрылысы өз уақытында аяқталуға тиіс. Бұл халықтың қалауы екенін өздеріңіз де жақсы білесіздер. Түйткілді мәселе болса, шешімін табуға ықпал ету мақсатымен өздеріңізбен жүздесіп отырмыз. Қаржы уақытында бөлініп, құрылыс жабдықтары мерзімінен кешікпей жеткізілсе, жұмысты жеделдету керек. Ауыл оқушылары сапалы, заманауи білім ордасында білім алса, саладағы көрсеткішіміздің де артары сөзсіз. Біз халыққа, соның ішінде балаларға қолайлы орта қалыптастырып, сапалы білім алуына жағдай жасауымыз қажет. Өз кезегінде мемлекет тарапынан да қолдау артып отыр. Сондықтан халық үніне құлақ асып, сұраныс-пікірлерін ескеріп, назарға алып,



жұмыстанамыз. Ал Сарықұдық және Жұлдыз ауылдары тұрғындарының күн тәртібіндегі басты мәселесінің бірі – мектептер құрылысының аяқталуы. Бұл партияның тікелей бақылауында, – деді аудандық мәслихат депутаты Ерболат Мұратқалиұлы.

Талдыапан ауылдық округіне қарасты Сарықұдық ауылындағы білім ордасының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Мектептің ішкі және сыртқы жұмыстарын 10 азамат атқарып жатыр. Қазіргі таңда абаттандыру, спорт залының құрылысы мен мектеп ғимаратының ішкі жұмысы жүргізілуде. Жұлдыз ауылындағы А. Құсайынов атындағы мектепке тоқталар болсақ, тұрғындар наразылығын тудырған құрылыста сең қозғалды. Нысанның іргесі қаланып, жер қазылып жатыр. Аудандық мәслихат депутаты жергілікті тұрғындармен кездесіп, жұмыс күшін арттыру керектігін атап өтіп, бірге жұмыстануға шақырды. Сонымен қатар құрылыс басқармасы жұмыскерлерге айлықтың уақтылы төленуін бақылауда ұстайтынын жеткізді. Ал аудан орталығындағы тұралап қалған А. Оразбаева атындағы жалпы орта білім беретін мектеп құрылысы қайта жанданды. Үш білім ордасы да биыл пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

Асылбек НӘСІПҚАЛИ



«Ақ халатын тағдырына байлаған»

Маусым айының үшінші жексенбісі – Халықаралық медицина қызметкерлерінің күні екені мәлім. Осы айтулы күнге орай Казталов аудандық ауруханасының ұжымы спорттық іс-шаралар мен мерекелік кеш ұйымдастырды.

Казталов аудандық ауруханасында қол күресі, арқан тартыс, мылтық ату және асық атудан ауруханаішілік спартакиада өтті. Спорттық іс-шараға «Емхана», «Емхана II», «Стационар» және «Гиппократ» командалары қатысты. Нәтижесінде «Емхана II» командасы III, «Емхана» командасы II, ал «Гиппократ» командасы жүлделі I орынға ие болды. Бас жүлде «Стационар» командасының қанжығасына байланды. Командалар арнайы диплом және қаржылай сертификаттармен марапатталды.

15 маусым күні аудан орталығында «SENIM» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы Казталов аудандық ауруханасы бастауыш бөлімшесінің ұйымдастыруымен Халықаралық медицина қызметкерлері күніне орай мерекелік кеш ұйымдастырылды. Кәсіби мереке қарсаңында ұйымдастырылған іс-шарада сала мамандары аудан әкімінің, аурухана басшысының және кәсіподақ ұйымының алғысхаттарымен марапатталды. Атап айтар болсақ, Айдын Асқарұлы, Күнсулу Ізбасарқызы, Нұрзила Ғарифуллақызы, Гүлнар Бақытжанқызы, Айнұр Теміржанқызы, Рүстембек Райымбекұлы, Айсәуле Сүндетқызына аудан әкімінің алғысхаты табысталса, Жанар Мержанқызы, Фарида Амандыққызы, Мирасбек Ғадилтайұлы, Қымбат Ізғалиқызы, Диана Елдосқызы, Дария Қазбекқызы, Балтөре Жолдыбайқызы, Назгүл Жұмажанқызы, Алмагүл Насибуллақызы,

Гүлсара Есқақызы Казталов аудандық ауруханасы директорының және «SENIM» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы Казталов аудандық ауруханасы бастауыш бөлімшесі төрағасының алғысхатымен марапатталды. Сондай-ақ «Балалар жылына» орай кәсіби мереке қарсаңында аурухана қызметкері Дана Жүсіпбекқызының баласының еміне «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлері салалық кәсіптік одағының 100 000 теңгелік сертификаты табысталды.

Казталов аудандық ауруханасы директорының м.у.а. Зинұр Сәткеш сала мамандарын айтулы мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар медицина қызметкерлері де өз алғысы мен құттықтауын жеткізіп, жыр шумақтарын арнады.

– Ақ халатын тағдырына байлаған, Өмір-теңіз толқынында қайнаған. Талай уақыт арман еткен кәсібін, Жүрегімен жақсылықтан жайнаған. Еңбек етіп, халық үшін тер төгіп, Жұмысынан шаршаса да жүр күліп. Себебі олар өз істерін сүйеді, Ақ халатын сипап қойып сүйсініп, – деген аурухана акушері Аққанат Аяпбергенова ақ халаттылардың ғұмырын жырына арқау етті.

Мерекелік кеш барысында аурухана қызметкерлері күй шертіп, ән айтып, «Қарлығаш» халықтық би ансамблі биден шашу шашты. Сондай-ақ мерекелік әзіл номинациялары табысталып, ұтыс ойыны ойнатылды.

Асылбек НӘСІПҚАЛИ



КӘСІБІНЕ ЕЛІ БАС ИЕТІН ЖАНДАР

Кез келген уақытта адам өмірін құтқаруға бойдағы күш-қайратын жұмсап, қыл үстіндегі адам тағдырын арашалауға асығатын асыл жандардың төл мерекесі де келіп жетті. Бұл күн – Гиппократ антын қабылдап, сенімді сақтайтын, ақ халатты абзал жандардың құрмет пен алғысқа бөленер күні. Медицина кәсібі – адамгершіліктің асылы! Олардың көмегімен тоқтаған жүрек қайта соғып, үміт жалғанып, өмірге деген құштарлық артады.

Медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай Жалпақтал ауылының мәдениет үйінде №2 аудандық Жалпақтал ауруханасы қызметкерлерінің күшімен «Кәсібіңе бас ием!» атты мерекелік концерт ұйымдастырылып, аудан әкімінің орынбасары Зәйлім Мәжитова мен Жалпақтал ауруханасы директорының міндетін атқарушы Алданыш Жұмажанның қатысуымен ақ халатты абзал жандарға алғысхаттар табыс



АҚ АРМАНҒА ҚҰЛАШ ҰРҒАН ЖАС ТҮЛЕК



«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген аталар сөзі – тәрбие мен білім беруге келісті сөз. Қанатын қағып, мектептен ұшар сәтінде әрбір балапанның қыран құсқа айналғанына куә боламыз. Ең бастысы, сол балапандардың үлкен өмірге аяқ басқанда құзғын құстардан жапа шекпей, көпшілік ортада жинаған бар білімі мен білігін, тәрбиесін көрсетіп, өз орнын тауып, еліне ерен қызмет жасап, өз үлесін қосып жатса, тәлімгерлері үшін бұдан асқан бақыт жоқ.

Биыл жылдағы дәстүрмен аудандағы 19 білім беру ұйымының жас түлектері аяулы ұстаздарымен, алтын ұя мектептерімен қоштасып, үлкен өмірге жолдама алды. Тәрбие мен тәртіптен тағылым алып, үлкен өмір мектебіне қанат қаққан түлектердің «Түлек 2022 – Жаңа Қазақстанның ертеңі» атты жалпы орта білім туралы аттестат табыстау рәсіміне арналған салтанатты шара өтті.

Жалпы 11-сынып оқушыларына мемлекеттік емтихан 27 мамыр мен 10 маусым аралығында өткізілді. 2021-2022 оқу жылында аудан бойынша жалпы білім беретін мектептерді 268 оқушы аяқтаса, «Алтын белгіге» 28 және «Үздік аттестатқа» 14 түлек үміткер болды. Сонымен қатар биыл 233 мектеп бітіруші немесе 86,9 пайызы Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға ниет білдірді.

Салтанатты шарада «Алтын белгі», «Үздік аттестат» иегерлері аудан әкімінің алғысхатымен марапатталды.

Он бір жыл оқытып, тәрбиелеген алтын ұя мектеппен, құшақ-құшақ гүл шоқтарын көтерген аяулы ұстаздарымен қимай қоштасып, балалық шақтың соңғы сыңғыры үлкен өмірге шақырып тұрғандай... Алда түлектерді талай сынақ күтіп тұр. Сол сындардан сүрінбей өтсін деген тілекпен аттестат табыстау салтанаты өз мәресіне жетті.

Өз тілшіміз



етіліп, құрмет көрсетілді. Мерекелік концерт барысында Қарасу дәрігерлік амбулаториясының мейірбикелері Айымгүл Имашева мен Жайнагүл Жасқайратова «Ақ халатты абзал жан», Көктерек дәрігерлік амбулаториясының мейірбикесі Гүлнұр Батырбекова «Гүлмін» әндерін орындаса, ынтымақты ұжым өмірден өткен әріптестерін бір минут үнсіздікпен еске алып, дәрігер әрі талантты ақын Серікбол Қадемовтің өлеңіне жазылған «Өлмейтіндер» әнінің ырғағымен арнайы бейнебаян ұсынды.

Бағалау, марапаттау, құрметтеу бір күндік мерекемен тоқталмасы анық. Еш нәрсені назардан тыс қалдырмауға тырысқан өнерлі ұжым өз кезегінде

медицина саласында аянбай тер төгіп, абыроймен қызмет еткен ардагерлерге де құрмет көрсетіп, әнші Нұрбек Мұқамбетқалиев «Белые халаты» әнін тарту етті.

Бимен, әнмен, былайғы жұртқа ой салар әсерлі көріністермен алма-кезек жалғасқан концерт одан әрі емхана мейірбикесі Ақбота Сайнованың мың бұралған «Испан» биімен, Асыл Казииулиннің «Жолдар», «Мың алғыс дәрігерлерге» әндерімен жалғасын тауып, талғамы биік көрермен көңілінен табыла білді.

Төл мерекелерің құтты болсын, ақ халатты абзал жандар!

Қыдыр ХАРЕСҰЛЫ

КИІКТІҢ КИЕСІ

Көкжиекті қызғылт түске бояп, құланиектеніп таң атып келеді. Даланың қыр-мызы гүлдері мен алуан түрлі өсімдігін таң самалы тербе-тіп тұрғандай... Ығы-жығы қа-лығы жұлдыз таң жарығы мо-лайған сайын көмескі тартып барады. Түнгі маужыраған ұй-қы-дан оянған жан-жануар атауы өз тірлігіне кірісіп жатыр.

Айналасы жарқабақ болып біткен сор жағасында бір топ киік жайылып жүр. Шеткерек тұрған кәрі теке айналаға көз салып, делдиген қос танауын жусанның жұпар иісіне бөленген таң самалы аялап, қауіптің жоқтығын сездіргендей. Енді ғана оянып, анасының уыз сүтіне тойған лақтар бір-бірімен сүзісіп, ойнақтай шауып жүр.

Кенет жарасымды табиғат тіршілігін гүрілдеген мотор үні мен алыстан көтерілген шаң бұзды. Спидометр тілі 160-ты көрсеткен «Джип» көлігі таңғы тыныштықты жаңғырта жүйткіп келеді.

Жынды суға бөгіп, қы-зара бөрткен екі жас жігіт магнито-фон дауысын барынша шыға-рып, көлікті еліре айдайды. Қауіпті сезген кәрі те-кенің белгісімен қашқан бөкен-дер-ді қуа жөнел-ген көлік жылдамдығын үдете түсті. Бір кезде көлік те-ре-т-зесі-нен қосауыз мылтық кө-рінді. Айна-ласына ажал оғын сеуіп, атқы-лап келе-ді. Мылтықтың шүріппесін басып отырған жас жігіттің түрі адам шошырлық. Атқан сайын ақсия күліп, тойымсыз көзі қызарып кеткен. Бар қауіпті бір өзіне бұрғысы келгендей, кәрі те-ке көлік ал-дынан кетер емес. Оқ та дарымайды. Атқан сайын оғы далаға кеткен жас жігіт ызалана түсті. Оптикалық көздеуіші бар мыл-тықты қолына алды. Асықпай көздеп, тынысын тежеді. Жүре-гінің соғысы жиілей түскендей сезілді. Атып келе жатқан күн-нің алтын шапағымен шағы-лысқан қос мүйіздің ортасынан көздеді. Гүрс еткен мылтық-үнімен бірге кәрі теке де аспанға шапши секіріп, омақаса құлады. Осы кезде рөлде отырған сері-гінің жан ұшыра айқай-лағаны құла-т-ғына келіп, дүние астан-кес-т-тен болып жүре берді. Бір қа-раң-ғылыққа сүңгіп кеткендей...

Қанша жатқаны белгісіз, ұйқыдан оянғандай күй кешкен Асылхан көзін әрең ашты. Әбден қара түнекке батқан қос жанары жарық сәулеге үйренер емес. Жаман түс көргендей, денесі суық терге малшына тер-лепті. Төсекте жатқанын енді сезді. Жарыққа енді көзі үй-рен-т-гендей, айналасына көз жіберді. Аурухананың жансақ-т-тау бөлімінде жалғыз өзі жа-тыр. Шөл қысқан ерні кезеріп, тілі таңдайына жабысып қалған. Тек қос жанарынан парлай аққан жастың ащы дәмі тіліне білінді. Жылап жатыр екен. Орнынан тұрғысы келіп талпынып еді, аяқ-қолы өзіне бағынбайды. Бағынбақ түгіл қозғалмайтын сияқ-ты. Таспен бастырып тас-тағандай.

Асылхан ауруханада ұзақ жатты. Дәрігерлер көлік апаты салдарынан бел омыртқасына зақым келген деген диагноз қойды. Алла сәтін салып, ажал тырнағынан аман қалған еді. Тек бір өкініштісі, жиырма беске енді ғана аяқ басқан жас жігіт қол арбаға таңылмақ. Кеуде-сінен төмен жан жоқ. Қасында болған досы Әлібек өмірден озыпты. Жақында қырық күндік асы берілмек. Бұл жағдайды ауру-ха-наға келген анасынан естіді.

Жан дүниесі өртеніп кеткендей, жылап жатыр. Бұл – өкі-ніштің көз жасы. «Неге бұлай болды?» деген сұрақ көкейінен кетер емес.

Үйдегі төсегінде жатқан Асыл-ханның қазіргі жағдайы еш өзгеріссіз. Бір жылдан асса да, ауруына шипа табылмады. Ата-анасы шырылдап жүріп Қытайға дейін алып барды. Бірақ еш нәтиже жоқ. Алдына қойған асқа да тәбеті шаппай, асты-үстіне түсіп жүрген ата-анасына да, бауырларына да тіс жарып сөйлеген емес. Өзінің тұңғыық ойына бата береді...

Көзін жұмса болды, кәрі киік бейнесі көз алдынан кетпейді. Көзіне елестеген сайын бар дүние астан-кестен болып, қара түнек басқандай. «Киіктің киесі деген осы шығар, осы шығар?!» деп күбірлей берді...

Қайрат ЖАҚЫП



РЕТТЕУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН МӘСЕЛЕ

Казталов ауданында ақбөкен санын реттеу мәселесіне қатысты жануарлар дүниесін қорғау мекемелерінің мамандары, Батыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы саласының мамандары, Казталов, Бөкей ордасы аудандарының шаруа қожалық жетекшілері және БАҚ өкілдері мен белгілі блогерлердің басын қосқан жиын өтті.

Жиынға төрағалық жасаған аудан әкімі Рүстем Зұлқашев ауданның ауыл шаруашылығы туралы қысқаша мәлімет беріп, киік мәселесіне де тоқталып өтті. Басқосуда сөз алған орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің орынбасары Данияр Тұрғамбаев:

– Биылғы аэросанақ қорытындысы бойынша Қазақстанда киік саны шамамен 1 млн 500 мыңға жетті. Осы киіктің басым бөлігі, яғни үштен екісі Еділ мен Жайық арасын мекендейтін Орал популяциясына жатады. Алдағы шілде айында Үкімет қаулы-сымен «Бөкей ордасы» мем-лекеттік резерваты мен «Ащыөзек» табиғи қау-малы құрылуға тиіс. Батыс Қазақстан облысындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақ 1 шілде-ден бастап нақты іске кіріседі. Киік санын реттеу үшін 15 шілдеде нақты шешім қабылданатын болады. Бұған республикалық бюджеттен 390 млн теңге қаржы бөлінбек. Табиғи аумақ-тың жалпы ауданы – 650 мың гектар. Аумақта шамамен 250 мыңдай киік жайылмақ. Біздің негізгі мақсатымыз – Батыс Қазақстан облысындағы

шаруалардың киікке қатысты көтеріп жүрген мәселелерін тыңдау, арнайы комиссия арқылы киіктен келген шығынды анықтау. Осыған байланысты мәселені жоғары жаққа жеткізетін боламыз. Осыдан кейін ғана тиісті шешім қабылданады, – деді.

Жиында шаруа қожалық жетекшілері аудан аумағында биыл шөп бітік шыққанымен, оны ақбөкендер таптап, жеп қойып жатқанын алға тартты. Сонымен қатар қуаңшылық жылдары киіктен келетін заладдың екі есеге дейін көбейетінін жеткізді. Киіктің күзгі күйек пен төлдеу уақытында көп қырылатынын және ақбөкен өлексесінің жиналмай, далада жататыны туралы мәселе көтерілді. Әсіресе, кәсіпкер Нұрлыбай Жолдыбайұлы соңғы уақытта киіктің көбеюі мал азығын дайындауға кері әсерін тигізіп отырғанын және киік санын реттеудің уақыты жеткенін ашық жеткізді.

Расымен, қай жәндік немесе хайуан болсын, шектен тыс көбейіп кетсе, айналасына зиянын тигізетіні белгілі. Жиынға қатысқан Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессоры Қайсар Кушалиев ақбөкен санын реттеу үшін аграрлық-техникалық университетте арнайы тұжырымдама жасалып, қазіргі күнде құжаттың дайын екенін айтты. Ғалымның сөзіне сенсек, ғылыми тұжырымдама бойын-ша еркін өсіп, көбеюі үшін әрбір киікке кемінде 20 гектар жер қажет. Әр киік күніне алты келі шөппен

қоректенеді. Биыл ресми есепке сай киік саны 1 млн 500 мың басқа жетті. Сонда олар қанша жерде жайылады, қанша азық жейтінін ойша есептей беріңіз?! Жергілікті халық нақты цифр бұдан екі есе көп екенін айтады. Ақбөкеннің Орал популяциясы жайлайтын аумақта олардың саны ең көп дегенде 300-350 мыңнан аспауға тиіс. Тұжырымдамада киік санын қалай реттеу қажет екені де жазылған.

Университет профессоры сонымен бірге киік арқылы тарайтын жұқпалы аурулар түрін атап шықты. Тыңдап отырсаңыз, төбе шашыңыз тік тұрады. Бірінші кезекте пастереллез, бруцеллез, айналма – ценуроз, жыбырлақ – жұқпалы энтеротоксемия секілді жаман аурулар. Ғалым бұрынғы киіктің жаппай қырылуы осы бір жұқпалы аурудан болғанын айтады. Сонда сар даламызда төрт түлік малмен қатар жайылып жүрген ақбөкендер жұқпалы ауруға ұшыраса, жаппай эпидемиялық жағдай орын алмайтынына кім кепіл?!

Жиында шаруалар киікке атқандарға қатысты жазаның да қатал екенін тілге тиек етті. Бір бас киіктің бағасы – 500 АЕК, яғни 2 млн 83 мың 500 теңге екені көрсетілген. «Бұл қайдан шыққан баға? Ірі мал-дың бағасы мұның ширегіне жет-пейді. Ең төменгі жалақы – 60 мың теңгені ауылда екінің бірі ала алмайды. Сонда бұл қалай болғаны?» деп күйінді жергілікті шаруалар.

Ақбөкендер далада өзінен-өзі қырылып жатыр. Әсіресе, күйектен кейін текелер зор-рығып өледі. Бұл – табиғаттың заңы. Сол арам өлген киіктің мүйізін ақшаға қызығып алған жігіттерге тым қатаң жаза берілетіні тағы бар. Ауданымыз бойынша біраз азамат темір торға тоғытылып немесе миллиондарды мойнына арқалап алды.

Жиынға қатысқан мамандар алдағы уақытта киікті қорғау үшін арнайы резерват ашылып, ақбөкендер санын реттеу жүргізілетінін жеткізді. Бірақ қалай реттейтіні белгісіз?! Оны барлық жайтты зерделей отырып, жоғарыдағы азаматтар шешпек.

Қ. ЕСІМҒАЛИ



БІЛІКТІ МАМАН, АҚЫЛМАН АҒА

Бүгінгі мақаламызға Қараөзен ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Азамат Әбуғалиев ағамыз себепкер болып отыр.

Қызмет жолын адал еңбегімен өре білген Азамат Қанатқалиұлы 1959 жылы 1 желтоқсанда Орал облысы, Фурманов ауданы, Төртпішен ауылдық кеңесі атқару комитеті, Ленин атындағы ұжымшарда дүниеге келген. 1967 жылы қазіргі Жаңақала ауданындағы Айдархан орта мектебінің табалдырығын аттап, 1977 жылы Қарасу орта мектебін аяқтап, қолына



орта білім туралы аттестатын алып шықты. 1977-78 жылдары Қараөзен кеңшарының жолдамасымен №126 Фурманов кәсіптік-техникалық училищесінде оқып, кең профильді тракторист-машинист мамандығы бойынша жұмысшы мамандығын меңгерді. 1978-79 жылдары Фурманов ауданының Жас сегіз жылдық мектебінде мұғалімі болып еңбек етті. 1979-81 жылдары Фурманов аудандық әскери комиссариатының шақыруымен Кеңес әскерінің қатарында болып, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеді. 1981-1984 жылдары Орал ауыл шаруашылығы техникумында оқып, арнаулы орта білімді зоотехник мамандығы бойынша диплом алды.

Орал совхоз техникумын аяқтап шыққан соң, Орал облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының жолдамасымен 1984-1987 жылдары Орда ауданы, Т. Масин атындағы кеңшарға қарасты №2 бөлімшенің аға зоотехнигі қызметін атқарды. 1987-1997 жылдар аралығында Фурманов ауданы, Қараөзен кеңшарының №1 бөлімшесі аға зоотехнигі болып еңбек етті. 1997-2003 жылдары Қараөзен ауылдық округі аумағындағы «Қанатқали» шаруа қожалығының басшысы, 2003-2011 жылдары облыстық статистика департаменті Казталов аудандық статистика басқармасының Қараөзен ауылдық округі бойынша жетекші маманы лауазымында еңбек етті. 2011-2015 жылдары «Қанатқали» шаруа қожалығының мал маманы қызметінде болған. 2015 жылдан бастап күні бүгінге дейін Қараөзен ауылдық округ әкімі аппаратының бас маманы.

Азамат Әбуғалиев ауданымыздың әр саласында қызмет еткен кезінде өзін білікті маман, білгір басшы ретінде кейінгі буынға ақылман аға болып үлгі-өнеге көрсете білді. Ол бүгінгі таңда өзіндік қолтаңбасы бар мемлекеттік қызметші ретінде әріптестері мен ауылдастары арасында үлкен беделге ие. Алдыңғы толқын ағаларынан алған іс-тәжірибесін әр кезде де кейінгі жас буын өкілдерімен бөлісіп, заман талабына сай «қалай кәсіп ашып, қай бағытта жұмыс істей білу» керектігін үйретіп келе жатқан ерекше қасиетімен көпке үлгі.

Отбасында жолдасы Рая Мұстахова екеуі бір ұл, үш қыз тәрбиелеп отыр. Балалары әр саланың маманы болып, елге қызмет етуде. Қолы қалт еткенде кітап оқып, спортпен айналысқанды жаны сүйеді. Ауылда өткізілетін мәдени-көпшілік шараларға, соның ішінде мемлекеттік тілді меңгеру, басқа да спорттық жарыстарға және өнер саласында концерттерге қатысып, ән айтуға белсене атсалысады. Ол – ауылымыздың «Қараөзен толқыны» атты вокалдық аспаптар ансамблінің белді мүшесі. 1987 жылдан бері сайлау науқанына белсене араласып, мүшесі, хатшысы, 2009 жылдан күні бүгінге дейін №247 сайлау учаскесінің төрағасы қызметін атқарып келеді.

Ауданымыздың, ауылымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени және мемлекеттік қызмет саласын дамытуға қосқан көп жылғы қажырлы еңбегінде жоғары нәтижеге қол жеткізіп, 2005 жылы облыстық статистика басқармасының алғысхатымен, 2017 жылы облыс әкімінің алғысхатымен, 2017 жылы Тұрар Рысқұлов атындағы қордың «Ауыл еңбегі» үшін медалімен, 2017 жылы Мемлекеттік қызметшілер күніне орай аудан әкімінің алғысхатымен, 2020 жылы аудан әкімінің Құрмет грамотасымен, көп жыл саяси қоғамдық жұмысқа, сайлау науқанына қатысқаны үшін аудан әкімінің алғысхатымен, «ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы» мерекелік медалімен (2021 жыл) марапатталды. Биыл зейнет демалысына шыққалы отырған Азамат Қанатқалиұлы өмір керуенінде өзіне бағыт-бағдар көрсеткен Бейсенбі Ғұбашев, Ерсайын Құбышев, Исатай Мәжитов, Рухолла Каманов, Бақтығали Қадыров, Өмірзақ Таутентегі, Алтынбек Мәженов сынды ауыл шаруашылығы саласының дамуына өз үлесін қосқан білікті де тәжірибелі басшылар мен мамандардың есімін әрдайым мақтанышпен айтып келеді. Нақты істі ғана сүйетін Азамат Қанатқалиұлы сынды ағаларымыз қатары арта берсін.

Аида ҚАЙЫРЖАНҚЫЗЫ,
Қараөзен ауылдық округі
әкімі аппаратының бас маманы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – ЕЛ МҮДДЕСІНЕ АДАЛ ЕҢБЕК



Мемлекеттік жүйені дамытудағы басым бағыттың бірі – Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшісінің оң беделін қалыптастыру және нығайту. Мемлекет алдында тұрған басқарудың тиімді құрылымын құру міндетін іске асыру көбінесе мемлекеттік қызметшінің кәсібилігіне байланысты.

Ауданымыздың әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан алға басуы мемлекеттік қызметкерлердің жоғары моральдық жауапкершілігіне, кәсіби біліміне, оларды іс жүзінде қолдана білуіне, адалдық және белсенді өмірлік ұстанымына байланысты. Аудан әкімдігінің құрылымдық бөлімшелерінде 134 мемлекеттік қызметші қызмет етсе, оның ішінде 58-і әйел, 76-сы ер адам. Жас ерекшелігіне келетін болсақ, 27 адам 22-29 жас аралығында, 63-і 30-39 жас аралығында, 21-і 40-49 жас аралығында, 23-і 50-ден жоғары.

Бүгінде ауданда мемлекеттік қызметке орналасу бойынша өтетін конкурстарға бақылаушылар қатысып, олардың объективті жүргізілуін қамтамасыз етеді. Мемлекеттік қызметке жаңадан келген қызметкерге жаңа жұмыс орнында, бейтаныс ортада өзіне қойылған талап пен міндетті бірден кірісіп, қарқынды алып кету оңай болмайтыны белгілі. Сондықтан алғашқы уақытта мемлекеттік қызметтің қыр-сырын үйрететін, тиісті көмек көрсететін тәлімгер институты мемлекеттік қызмет жүйесіне енгізіліп, өзінің оң нәтижесін берді. Бұл тұрғыда аудан бойынша жергілікті атқарушы органдар белсенді жұмыс жүргізіп, тәжірибесі мол мемқызметшілер қызметке алғаш келген азаматтарға бағыт-бағдар беріп отыр.

Болашақта ел тізгінін ұстайтын азаматтар – бүгінгі жастар. Соңғы жылдары мемлекеттік қызметке орналасқысы келетін жастар саны артып келеді. Олардың саны ғана емес, сапасы да өсіп жатыр. Яғни білімді, ал-ғыр, бәсекеге қабілетті жастар қатары артты.

Ауданымыздың мемлекеттік қызметшілері түрлі облыстық жарысқа қатысып, алдыңғы орыннан көрініп жүр. Күні кеше өткізілген облыстық «Білімділер додасы» сайысында Тереңкөл ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Есболат Майжанов облыс әкімі аппараты командасы құрамында болып, жүлделі I орын иеленді.

Мемлекеттік басқарудың өзегі саналатын мемлекеттік қызметшінің саламатты өмір салтын ұстануы қашан да маңызды. Ауданның мемқызметшілері облыстық мемлекеттік қызметшілер арасындағы спартакиадада алдыңғы үштіктен көрініп жүр.

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар: «Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек» дегеніндей, мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі олардың жұртшылық алдындағы мемлекеттік басқару органдарының имиджін анықтайтын мінсіз мінез-құлқымен қатар жүруі керек. Сондықтан мемлекеттік қызмет атқарудың ауқымды және мақсатының биік болары барлық мемлекеттік қызметшінің қашан да жадында болуы шарт.

Жанболат ТЕМІРҒАЛИЕВ,
аудан әкімі аппаратының басшысы,
әдеп жөніндегі уәкіл

ОТБАСЫМҢ ДЕНСАУЛЫҚ КҮЗЕТІНДЕ



Балалар бөлімінің меңгерушісі м.у.а. жәңгір
«SENIM» кәсіподақ ұйымының Казталов аудандық ауруханасының бастапқы
бөлімшесінің төрағасы

Қай кезде де адам жанының арашасы болатын дәрігерлер туралы жазудан жалықпаймыз. Адамға өмір сыйлаған бұл жандардың еңбегін әрдайым биік өлшеммен айтуға тиіспіз. Алысқа бармай-ақ, кешегі пандемия кезінде дәрігерлердің күн-түн демей адам өмірі үшін күрескені бұл сөзімізді айғақтай түседі. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Біз еліміздің даңқын, абыройын спорттық жетістіктермен емес, адамдардың денсаулығын сақтауға үлес қосып жүрген дәрігерлердің еңбегімен өлшеуге тиіспіз» деген сөзінде үлкен мән жатыр.

Ауданымызда да денсаулық сақтау саласында өзіндік қолтаңба қалдырған дәрігерлер аз емес. Олар жөнінде айтар болсақ, газет емес, бір кітапқа жүк болардай мақала жазылар еді. Солардың қатарында бүгінде отбасы мүшелерімен денсаулық күзетінде жүрген Ботагөз Тілеуғалиқызы Ғұмарованы айтуға болады.

Ботагөз Ғұмарова 1988 жылы Ақтөбе мемлекеттік медициналық институтын «Терапия» мамандығы бойынша бітіріп келгеннен бері Казталов аудандық ауруханасында тапжылмастан жемісті еңбек етіп келеді. Оның алдынан талай науқас емделіп шығып, мың алғысын айтты. Әркезде де еңбегі тек денсаулық сақтау мекемелерінің атынан ғана мақталып қойған жоқ, емделушілер тарапынан айтылуы қызметін үлгілі атқарып келе жатқанын көрсетеді.

Бүгінде ауданымызда онколог-дәрігер болып қызмет атқарып жүрген Ботагөз Ғұмарова тұрғындар қауіпті кеселдің алдын алуы үшін бар мүмкіндікті ұйымдастыруда. Олардың дәрігерлік байқаудан, скринингтен уақтылы өтуіне жоғары жауапкершілікпен қарайды. Себебі ауруды өткізіп барып емдеуден гөрі оның алдын алу адамдарға да, мемлекетке де тиімді екенін уақыт көрсетіп отыр. Кейіпкеріміз – тек дәрігер ғана емес, шебер ұйымдастырушы. Ол талай рет аудандық аурухана директорының орынбасары, міндетін атқарушы болып абыройлы еңбек етті. Сол кездерде үлкен ұжымды бір мүдде тұрғысында жұмылдырып, халық денсаулығын сақтауда, әсіресе, пандемия кезінде жанқиярлық үлгісін көрсетті.


Жоғарыда отбасы мүшелері денсаулық саласында қызмет жасайды дедік. Расында да, қызы Айну, ұлы Ернар – жоғары білімді, білікті дәрігерлер. Олар медициналық жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін көңілді шаһарда қалып қоймай, туған елде қызмет жасауды ұйғарыпты. Ұлы Ернар елге өзі ғана дәрігер болып оралмай, жан жары, өзімен бірге оқыған Берметтей қырғыздың сұлуын ауылына келін етіп алып келді. Бермет елдің келіні ғана емес, сүйікті дәрігеріне айналды. Ұл-қыздары анасының жолын қуып, дәрігер мамандығын таңдап, туған елге қызмет етуі еңбек династиясын жалғастырушы болып табылады. Ал жан жолдасы Темірхан ұзақ жылдан бері аудандық ауруханада түрлі қызмет атқарып жүр. Былайша айтқанда, олар аудандық аурухана тарихында әулетімен қызмет атқарған отбасы болып қалатыны сөзсіз.

Дәрігерлердің еңбегін бір уақытқа сәйкестендірілген қызметпен салыстыруға келмейді. Олар үшін күн мен түн бірдей. Дәрігерлерде де отбасы, бала тәрбиесі бар. Бірақ олар уақытпен санаспайды. Себебі Гиппократ антын қабылдаумен қатар, алдына келген әрбір науқастың ауруын емдеймін деген ұлы міндет тұрады. Міне, осы міндетке бұл отбасының мүшелері лайықты қызмет атқарып жүр.

Ботагөз Ғұмарова білікті дәрігер болуымен қатар, отбасында сүйікті келін әрі немере-жеңнен сүйген бақытты әже. Келін дегеніміз – тоқсанның төрінде отырған енесін бағып, күту де Ботагөз Тілеуғалиқызының мойнында. Өмір тәжірибесі бар ол үлкенді құрметтеуді келініне көрсетіп, болашақта оларды қалай сыйлау керек екенін үйретуде. Бұл да халқымыздың асыл қасиетін бойына сіңіргені деп ұғынамыз.

Биыл жылдағы дәстүр бойынша медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі аталып өтті. Дәрігерлерге айтылған сансыз ақ тілек көп. Біз де оқырман атынан ақ халатты абзал жан Ботагөз Тілеуғалиқызына және оның ісін жалғастырушы ұрпағына алдағы уақытта халықтың шынайы ақ тілегіне бөлене беріңіздер деген тілегімізді жеткіземіз.

Әсем БОЛАТ



«БАЛАЛАР ЖЫЛЫНДАҒЫ» БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ



Мемлекет басшысы 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Мемлекет деңгейінде айтулы жылға орай бағдарламалар қолға алынып, балаларға арналған түрлі жоба жүзеге асырылып жатыр. Ауданымызда да балалардың мерейін үстем қылар іс-шаралар жүргізілуде. Бірақ жағымсыз жаңалықтардың орын алып жатқанын жоққа шығара алмасымыз анық. Осыны ескеріп, «Балалар жылындағы» балалар қауіпсіздігін тілге тиек еткенді жөн көрдік.

«ОЙНАП ЖҮРІП ТОҚҚА ТҮСТІМ»

Алдымен әлеужелідегі жан түршіктірер ақпаратқа зер салсақ. Еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдары мен жергілікті БАҚ өкілдері, қоғам белсенділері Жаңақала ауданындағы екі қолынан айырылған бүлдіршіннің жанайқайын айтып, жазып, халықтан көмек сұрауда. Ауылдағы ашық тұрған трансформатор маңында ойнап жүрген ойын баласы балалықпен тоққа соғылып, екі қолын күйік шалған. Бүлдіршін облыстық көпбейінді балалар ауруханасына жеткізілгенімен, ақ халатты абзал жандар оның екі қолын кесуге мәжбүр болған. Бұл оқиғаға жергілікті ауыл тұрғындары электр желілерін таратушы мекемені кінәласа, аталған мекеме трансформатордың жабық тұрғанын айтып, ақталған. Ал баланың болашағы не болмақ?

Мұндай оқиға ауданымыздағы Бостандық ауылында да тіркелді. Казталов аудандық ауруханасының баспасөз қызметі хабарламасына сүйенсек, бала аудандық ауруханаға жеткізіліп, жедел медициналық көмек көрсетілген.

– 24 мамыр күні Казталов аудандық ауруханасына тоқ соғу және жол-көлік оқиғасынан зардап шеккен екі бала келіп түсті. Бірі – Бостандық

ауылының 2016 жылғы тұрғыны. Ойнап жүріп, электр сымдарының біріне жақындауы салдарынан бас сүйегінің маңдай бөлігінен тоқ соққан. Бала үйге жеткізілген соң жедел жәрдемге хабарласып, жедел түрде Казталов аудандық ауруханасына әкелінді. Балаға медициналық көмек көрсетіліп, бас сүйегінің маңдай бөлігінде 2-3 дәрежелі электрқуып диагнозы қойылды, – делінген хабарламада. Қазіргі уақытта бала үйге шығарылған. Жағдайы бірқалыпты. Баланың өзі «Ойнап жүріп тоққа түстім» дейді. Бұл оқиғаны облыстық «Мой Город» ақпарат агенттігі де жазған болатын. Бостандық ауылдық округінің әкімі Асланбек Сармалаев тілшілерге трансформатор жергілікті шаруа қожалығына тиесілі екенін әрі қоршалмағанын алға тартқан.

– Біз үнемі трансформатор иелеріне оларды қоршау керек екенін айтамыз. Мұндай мәселе тек жеке трансформаторларға қатысты емес, сонымен бірге «Батыс Қазақстан электр желілерін таратушы компаниясы» АҚ Казталов аудандық электр торабына тиесілі трансформаторлар да бар. Бұлар адам өміріне қауіпті, әрине. Сондықтан «Батыс Қазақстан электр желілерін таратушы компаниясы» АҚ Казталов аудандық электр торабына трансформаторларды қоршау жөнінде хат жазып жібердік, – деді Асланбек Сармалаев.

Трансформаторлардың қоршалмау дерегі ауданымыздың барлық ауылдық округінде тіркелген. Алайда жүйелі шешім қабылданар емес. Адамның өміріне қауіпті аумақтың қоршалмауы әкімді де, шаруа қожалығы жетекшілерін де алаңдатпаса, халық кімге мұң шақпақ? Бұл мәселе туралы әріптестерім де жазып, мәселенің ауылын бір барлап қайтқанымен, мардымды шешіп қабылданбапты. Әлде трансформатор аумағынан айналып өтер ересектер мен сүйкеніп тұрар төрт түлікті былай

қойғанда, ойын баласының ессіз әрекетіне бала ғана кінәлі болмақ па?

БАЛА КӨЛІККЕ СОҒЫЛҒАН

Ойын баласы айналаға зер салмасы анық. Достарымен мез-мейрам болып, бірін-бірі қуалап жүретін бүлдіршіннің қылығына сүйсінесің. Әйтсе де ойын алаңдарында немесе саябақтар мен тынымбақтарда емес, жолдың бойында ойнап жүретіні көңілге қаяу түсіріп, «Әлденеге ұрынып қалмаса екен» деп тілейсің. Жазатайым оқиғаның құрбаны болып жатқандары да бар.

24 мамыр күні Казталов аудандық ауруханасына сағат 19.20-да Казталов ауылының 2013 жылғы кішкентай тұрғыны жедел жеткізіліп, медициналық көмек көрсетілген. Аурухананың баспасөз қызметі берген мәлімет бойынша, балаға жабық бас сүйек-ми жарақаты, бас миының шайқалуы, бет аймағы және аяқ-қол төменгі бөліктерінің көптеген сызаты мен жарасы диагнозы қойылып, ем-дом тағайындалған. Аудандық полиция бөлімінің мамандары баладан және ата-анасынан түсінік алған. Құзырлы орган өкілдерінің сөзіне сүйенсек, бала көлікке соғылған.

– 24 мамыр күні аудан орталығындағы «Береке» дүкені алдында жол-көлік оқиғасы орын алды. Бала ойнап жүргенде жол мен тротуар арасындағы судан секіремін деп, жаңа ғана тоқтап тұрған көлікке соғылған. Салдарынан бала құлап, түрлі дене жарақатын алған. Аталған оқиға бойынша екі тараптың келісімімен іс қозғалмады, – дейді аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары, полиция майоры Мәрлен Қарабаев.

ИТ АДАМНЫҢ ДОСЫ МА?

Қазақта «Ит – адамның досы» деген тәмсіл бар. Төрт аяқты үй жануарының үй мен малды күзетуге, аңшылық пен саятшылыққа таптырмасы хақ. Кейде жаныңа

келіп еркелеп, құшағыңа еніп, өзінің мейірімін бетіңнен жалап-ақ білдіретінін қайтерсіз?! Бірақ иттің де иттігін істейтін уақыты болады. Мұны да баламызға ескертіп, сақтанып жүруін назардан тыс қалдырмауымыз керек.

Жуырда Казталов және Бостандық ауылдарында балаларды иттің қапқаны жөнінде ақпаратты естіп, жағамызды ұстап, дұғада болдық. Бірін өз ауласындағы күшік кезінен баптаған иті қапса, екіншісін ызаға булыққан көршінің шәуілдегі аяғынан тістеп алған. Екі бала да Казталов аудандық ауруханасында тиісті ем-домдарын алды. Бұл оқиғаға қатысты құқық қорғау органдары өкілдері түсінік берді.

– Казталов ауылында орын алған оқиғаға қатысты ешқандай іс қозғалмады. Себебі талап-арыз жоқ. Оқиға былай өрбіген. Бала иттің қоршауына түсіп кеткен допты аламын дегенде иттің ырылынан қорқып, кейін шегінген. Сол кезде бас бөлігі қоршауға ілініп, ит тап беріп, баланың денесін тырналаған. Абырой болғанда, туыстары үйден шығып, ажыратып алған. Қошанкөл ауылындағы жағдай бойынша заң жүзінде тиісті шара қолға алынды, – деді Мәрлен Қарабаев.

Екі баланың да жағдайы бірқалыпты. Тек денеге түскен жараның орны өшпесі анық. Бұл баланың жүйке жүйесіне де әсер етері сөзсіз. Бір ғана амал – балаға «тәйтті» үйрету керек.

Ал иттің мәселесі күн тәртібінен түспей тұр. Күндіз байлаулы итін түнде серуендетіп қоя беретіндері де бар. Сонда қоғамның бір-біріне жаны ашымағаны ма? Бұралқы иттің жөні тіптен бөлек. Бала тұрмақ ересектердің де артынан ілескенде, қорқыныш пайда болады. Ересектер әрекет қылар, нәзік жандылар мен балаларды қайтпекпіз?

ТҮЙІН

«Балалар жылында» балалардың қауіпсіздігін алдыңғы орынға қоюымыз керек. Балаға қолайлы орта қалыптастыру – қоғамның басты міндеті. Себебі бүгінгі ұрпақ – ел болашағы. Мерейлі жылды мәдени-көпшілік-шаралармен ғана шектемей, іс жүзінде баланың қажеттілігін қамтамасыз етсек, көздеген мақсатқа жетеріміз хақ. Мемлекет тарапынан балалардың сапалы білім алып, тиісті медициналық көмек көрсетілуіне жағдай жасалып жатыр десек, баланың өмірі мен болашағына ата-ана мен билік қана емес, жалпы қоғам болып алаңдаушылық білдіруіміз керек. Сонымен қатар елімізде оң өзгерістер орын алуда. Мұның сыртында біз де, жергілікті атқарушы орган өкілдері де кейбір мәселелер бойынша жоғары жаққа хат жазып, ұсыныстарымызды жеткізіуіміз қажет. Мәселен, бұралқы иттер. Мұнымен күресу тек әкімдіктің, тиісті органның ғана міндетіне кірмейді. Бұл мәселеге жеке тұлғалар, қоғамдық ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар да үн қосып, жергілікті атқарушы органмен бірге жұмылып әрекет етуге тиіс. Сонда ғана біз балаға да, қоғамға да қолайлы орта қалыптастыра аламыз.

Біз қандай қоғамда өмір сүріп жатырмыз? Шалыс басса, туғанын да жамандыққа қиятын ба, әлде дұшпанын да досындай көретін, мейірімге қанық қоғамда ма? Қандай да бір мәселені байбалам салмай, байыппен шешуге бет бұрғанымыз жөн.

Асылбек НӘСІПҚАЛИ



АУЫЛ АЖАРЫ КӨРКЕЮДЕ

Ауданымыздың орталығы күн санап ажарланып келеді. Бұған жергілікті атқарушы биліктің бастамалары мен тұрғындардың қолдауы себеп. Мәселен, күні кеше Абат Малаев өз дүкені аумағын абаттандырып, кәсіпкерлік нысанының екінші қабатының құрылысын жүргізсе, ізін суытпай «Абылай» азық-түлік дүкенінің алды абаттандырылды. Бұл – кәсіпкерлердің ауылдың ажарлануына қосқан үлесі. Ал жергілікті атқарушы билік көшелерді абаттандыру жұмысын жандандыруда.

Халықтың басым көпшілігі жұмысына немесе өзге де мақсаттағы жерлерге жаяу баратыны белгілі. Сондай-ақ серуендеу

де – саламатты өмір салтын ұстанған жанның айнымас серігі. Бірақ шаршаған уақытта отырып, тынығар жер іздейтіміз бар. Көптің тілеуі қабыл болып, аудан орталығындағы Шарафутдинов көшесінің бойына гүлзарлар мен орындықтар орнатылды.

– Ауылымызда өткен жылы 13 гүлзар орнатылды. Биыл 12 гүлзар жасалып, көше бойына орнаттық. Жалпы, ауылымызда 2000-ға жуық әртүрлі гүл егілді. Оларды мемлекеттік мекемелер, мәдениет нысандары, білім ордалары мен рухани орталықтардың аумағынан көре аласыз. Көше бойына гүлзарларды орнату жергілікті әкімдіктің бастамасы болды.

Бұл бастаманы ауыл тұрғындары және Казталов мектеп-лицейінің биология пәні мұғалімі Жанұзақ Мұрадым да қолдап, гүл өсіру технологиясын бөлісті. Нәтижесінде басты көше – Шарафутдинов көшесінің бойында гүлзарлар бой көтеріп, тұрғындардың ашық аспан астында тынығуы үшін орындықтар да орнаттық. Биыл ауылдық округ әкімі аппараты 1000 гүл өсіріп, ауылымыздың көрікті жерлеріне ектік, – деді Казталов ауылдық округінің әкімі Ернар Ғалымов.

Ауыл тұрғындары да шағын тынығу орындарының бой көтергеніне риза екендерін жеткізді. Олардың қатарында аудандық аналар кеңесінің төрайымы,

ауылдың белсенді тұрғыны Күнсұлу Шақанаева да бар.

– Күнделікті күйбең тірлікте ауылдың орталығы мен шетін жаяу жалғап, өз қажеттілігімізді қамтамасыз етіп тұрамыз. Бұрын жаяу жүріп, шаршаған уақытта отырарға орын таппайтынбыз. Амалдың жоқтығынан шаршасақ та, үйге жетуге тырысамыз. Қазір көше бойына



орнатылған гүлзарлар көңілімізді көтеріп, орындықтар сәл де болса, тынығып алуға мүмкіндік туғызды. Бұл игі бастама жалғасын табуы керек. Бұған ауыл тұрғындары болып үлес қосқанымыз жөн. Сондай-ақ ауылымызға сән беріп тұрған мұндай көрікті аумақтарды күтіп ұстау да – басты міндетіміз, – деді ол.

Шын мәнінде, шағын гүлзарлар ауылдың басты көшесіне сән беріп тұрғаны жасырын емес. Тек бағымсыз мал еңбекті еш етпесе болғаны. Жағдайымыз жақсарып, қолайлы орта қалыптасқан сайын жауапкершілігіміз де артатынын ұмытпағанымыз жөн. Туған жердің гүлденуіне туған перзенті септігін тигізіп, абаттандыру жұмысына өз үлесін қосса, халық мерейі үстем болары хақ.

Асылбек НӘСІПҚАЛИ

ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫ ЕСКЕРІЛЕДІ



Жақында өздерінің тұрғылықты жеріндегі қордаланған мәселелерді алға тартқан Жаңажол ауылының бір топ тұрғыны аудан әкімі Рүстем Зұлқашевпен арнайы кездесіп, түйткілді мәселелердің түйінін шешуді талап етті.

Онда ауыл тұрғыны Қуаныш Батырғалиев Жаңажол ауылындағы қордаланған көптеген мәселені тілге тиек ете келіп, ауылдағы сапасы нашар интернет желісі мен «Қазақтелеком» АҚ жүргізген оптикалық-талшықты кабельдердің жергілікті халыққа еш пайдасы жоғын айтып, осы салаларға бөлінген қаржының қалай жұмсалғанын тексеруді ұсынды. Одан кейін кезек-кезегімен сөз алған ауыл тұрғындары Жаңажолда ауыз судың аз уақытпен берілсе де, мүлдем

сапасыздығын, Кеңес дәуірінен келе жатқан ауыл шетіндегі полигонды көшіру керектігін, Әбіш ауылындағы электр желісі мәселесін бір жүйеге келтіру сияқты өзекті мәселелерді кейінге қалдырмай, уақытымен шешуді сұрады.

Жиналыста сөз алған Рүстем Зұлқашев ауыл тұрғындарының қойған орынды талаптарын ескеріп, болашақта қордаланған мәселелердің шешілуі жолында тиісті сала мамандарымен бірігіп жұмыстанатынын жеткізді. Рүстем Мүлкайұлы қазіргі уақытта «КаР-Тел» ЖШС арқылы Жаңажол ауылына ұялы байланыс станциясының жабдығына биіктік тірек құрылысын салу үшін жер телімін заңдастыру жұмыстары баяу жүріп жатқанын, сессия арқылы бөлінген

қаражат Жаңажол ауылына «СК-26» антенді мұнара салуға жұмсалатынын, оған жобалық-сметалық құжаттары дайын екенін, ал «Қазақтелеком» АҚ-ның ауылға жүргізген оптикалық-талшықты кабельдері жөнінде тапсырыс беруші аудан әкімдігі еместігін түсіндірді. Ауылдағы ауыз су мәселесі жөнінде құбырлардың тозығы жетіп тұрғанын, ондағы қондырғылардың қуат-күшіне байланысты күніне 35 тоннадан артық ауыз су беру мүмкіндігі болмайтынын, барлық қондырғыны жаңартып, сүзгілерді тазартуға ауданда қаржы көзі жоқ екенін, мемлекеттік коммуналдық шаруашылық құқығындағы кәсіпорын мекемесінің жұмысы өзін-өзі ақтамайтынын, осыған орай құбырдағы бар суды үнемдеп

пайдалану керектігін айтты. Аудан басшысы сондай-ақ полигонды басқа жерге көшіріп, жер телімін заңдастыру үшін ауыл әкімі сессиядан қаражат бөлуге ұсыныс түсіретінін, Әбіш елді мекенінің электр жүйесі мәселесі кейінге қалдырмай шешілетінін, болашақта аудандағы барлық шаруа жергілікті тұрғындармен бірлесе жүріп атқарылатынын және осы тұрғыда сала мамандарына тиісті тапсырма беретінін айтып, жергілікті халықты жақсылыққа сендірді.

Осы күнге дейін құр уәдеден гөрі атқарған ісімен жерлестерінің сенімінен табылған Рүстем Мүлкайұлына жаңажолдық ағайын да жиналыстан зор сеніммен тарқасты.

Қыдыр ХАРЕСҰЛЫ



● 24 маусым – Судья және сот қызметкерінің күні

ЕЛ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН СУДЬЯ



Маған билердің бітімгершілік дәстүрін берік ұстанып, ел құрметіне бөленген, сот басшылығында үш мерзім қатарынан сот төрелігін атқарған судья Хаби Жақыповтың жолын жалғастырып, Казталов ауданында судья болу бақыты бұйырды. Ауданда оның салып кеткен сара жолы анық байқалады. Халықтың сот билігі мен судьяға құрметі айрықша. Сол себепті мұнда судья қызметін атқару – аса абыройлы іс. Хаби ақасақал көз көргендердің айтуына қарағанда, аса сабырлы, әр сөзін оймен сабақтап, баппен сөйлейтін байыпты адам болған. 2008 жылы ол туралы «Флориант» баспасынан «Би атанған Хабақаң» атты кітап та жарық көрді.

Хаби Жақыпов туралы сөз қозғағанда, ең әуелі, халықтың сенімі мен құрметіне ие болған, ісі әділетті, сөзі дуалы, қара қылды қақ жарған билер дәстүрі ойға оралады. Бір ғажабы, заманында оның шығарған шешімдері мен үкімдері жоғары тұрған сот сатыларында бұзылмаған, шағым келтірілмеген, артынан жаман сөз ермеген. Судьяның лауазым атқару мерзімі аяқталып, екінші сайлау болғанда да халық осы судьяның орнында қалуын бірауыздан жақтап отырған. Ел-жұртының алдында абыройы зор, ар-ожданы таза азамат өзі билік еткен өңірде кезекті судьялық мерзімге қайта сайлауға түсуге қаймықпаған және халықтың жаппай қолдауына ие болып отырған. Міне, бұны бұрынғы билер дәстүрінің Кеңес заманында өңірімізде сақталғанының бір көрінісі деуге болады.

Хаби Жақыпов 1915 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданының №8 ауылында (қазір Жаңақала ауданының Жаңақазан ауылдық округі аумағы) дүниеге келді. Осы ауыл мекен тепкен қызыл құмның ортасындағы Байторы ауылындағы орталау мектепті 1931 жылы үздік бітіреді. Бұл

елдің күйзеліске ұшырап, аштық-жалаңаштық, жоқшылық жайлаған кезі болатын. Кейбіреулер шыдамай, елді, атақонысты тастап, босып, кәсіп іздеп қиырларға аттанып, тіпті кейбіреулер шекара асып, көшіп жатқан еді. Осы тұста жасы он алтыға енді қараса да, дүние дөңгеленіп жатқан алмағайып кезең ерте есейткен, сауаты ашық, замана ауанын аңдай білген Хаби ағайын-туыстарды салт атпен аралап, бірлік пен тірлікке шақырып, ауылда сауат ашу мектебін ұйымдастырады. Жас та болса, бас болып, аңтарылған ағайын-туыс, жерлестерін жаңа заман ыңғайына қарай бейімдеп, тұрмыс-тіршілікке жұмылдырып, уақыт көшіне ілесуге шақырады. Хаби Жақыповтың бұл ісіне, азаматтығы мен ақылмандығына разы болған ел-жұрт оның маңына топтасып, артына ереді. 1928 жылдан бастап-ақ жаппай сауатсыздықты жою ісіне араласқан ол ауылдағы басқару – билік органдарында түрлі қызмет атқара бастайды.

Хаби Жақыповтың есімі мемлекеттік мұрағат құжаттарында сол отызыншы жылдардан бастап ұшырасады. Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағатынан алынған деректерге сүйенсек, аудан болып құрылып, әкімшілік құрылым ретінде қалыптаса бастаған 1930 жылы Жаңақалада халық судьясы – Қасым Мырзағалиев деген адам, хатшысы Хаби Жақыпов болған. Ауыл атқамінерлерінің алғы сапында жүріп, Хаби аға 1934 жылы Новая Казанка ауылдық кеңесінің хатшысы болып қызметке орналасады.

Хаби Жақыповтың заман ағымына қарай ат жалын ерте тартып басталған белсенді азаматтық қызметі кеңестік құрылыстың жиырмасыншы жылдары аяғындағы, отызыншы жылдардың бас кезіндегі түбегейлі өзгерістерімен тұспа-тұс келді. Бұл елдегі әкімшілік-аумақтық құрылыстың буыны жаңа ғана бекітіліп жатқан тұс болатын.

1928 жылы Орал облысы құрамындағы Жаңақала болыстығының, сонымен қатар Бөкей уезінің Глианск болыстығының бір бөлігінің және Гурьев облысына қарасты Қамыс-Самар болыстығының бір бөлігінің біріктірілуі жолымен Жаңақала ауданы құрылып, аудан орталығының кенті Новая Казанка болып белгіленді.

1930 жылы республикада аудандар ірілендірілді. Жаңақала ауданы негізінен алғанда осы өз аумағын сақтай отырып, 1932 жылы құрылған Батыс Қазақстан облысының құрамына енді.

Х. Жақыпов сотта жұмыс істей жүріп, жұмысшылар мектебінде

білімін жетілдірді. 1936 жылы Жаңақала аудандық соты судьясының хатшысы қызметін жалғастырып, біржола сот жүйесіне бет бұрады. Оның осы қызметті абыройлы атқарғанын Батыс Қазақстан облыстық сотының мұрағатында сақталған бұйрық кітабындағы жазбалардан да аңғаруға болады.

1937-1939 жылдары облыстық сот төрағасы болған Т. Қожасов 1938 жылғы 19 наурыздағы №17 бұйрығында былай деп жазыпты: «Секретаря Жангалинского нарсуда т. Х. Жакупова с 17/III – 38 года временно зачислить секретарем I инстанции облсуда. Председатель: Т. Кожасов.»

Х. Жақыпов сотта хатшылық қызмет атқара жүріп, Алматы қаласындағы екі жылдық заң мектебінде оқып, 1939 жылы Батыс Қазақстан облыстық сотының жолдамасымен Жәнібек аудандық халық сотының судьясы болып тағайындалады. Кешікпей ол Бөрлі аудандық халық сотына судья болып сайланды. Ол судья қызметін бірден игеріп кетті. Облыс соттарының осы жылдардағы жұмыс қорытындысы туралы есепті баяндамаларында судья Х. Жақыповтың сот төрелігін атқаруда жақсы жетістікке жеткені атап көрсетіледі. Ол қызмет бабында тек алғыс пен абыройға бөленді. Ұлы Отан соғысы жылдарында Жәнібек, Орда аудандық соттарына басшылық жасады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында судьяларды да майданға алғаны белгілі. Елде ерекше тапсырма атқаруға қалғандар саусақпен санарлықтай еді. Соғыс қарсаңында Батыс Қазақстан облыстық сотында сот мәжілісінің хатшысы болып жүрген ол облыстық соттың жолдамасымен Жәнібек аудандық сотына судья болып орналасады. Осы жылы сәуір айында Коммунистік партия қатарына қабылданады. Сталинград қаласынан 150-200 шақырым жерде жатқан Жәнібек, Бөкей ордасы аудандары Сталинград майданына ең жақын жатқан қазақстандық тыл, майдан шебі болғандықтан, неміс командованияісі темір жол бекеті бар бұл елді мекендерді барлап, стратегиялық нысандарды бомбалап тұрды. Диверсанттарды да жіберіп отырған. Осы сындарлы кезде майданмен шекаралық аумақта судья қызметін атқарған Х. Жақыпов әскери трибуналға жататын істерді қараған.

Соғыстан кейін Орал қаласына судья қызметіне ауысып, 1957 жылы Казталовка аудандық сотына судья болып сайланды. Ол осы лауазымды үш мерзім қатарынан атқарып, 1977 жылы зейнетке шыққанға дейін Казталовка аудандық сотынан табан аударған жоқ.

Х. Жақыпов өзінің кәсібін адалдығы мен ынта-жігерінің арқасында білімін ұдайы жетілдіріп, Орынбордағы Мәскеудің сырттай оқытатын бүкілодақтық заң институтын, Қазақ мемлекеттік институтының заң факультетін бітірді.

1957 жылдан Батыс Қазақстан облыстық сотының мүшесі. Сот жүйесіне сіңірген еңбегі үшін ол Қазақстан Республикасы Жоғарғы

Сотының Құрмет грамотасымен марапатталған. Әділеттілікті атқару мен заңдылықты қамтамасыз етудегі көп жылғы үздіксіз және табысты қызметі үшін Х. Жақыпов республикада алғашқылардың бірі, облыста бірінші болып 1967 жылы «Қазақ ҚСР-іне еңбегі сіңген заңгер» құрметті атағына ие болды.

1978 жылы дербес зейнеткер болып құрметті демалысқа шыққан Х. Жақыпов біраз жыл белсенді қоғамдық және адвокаттық қызметпен шұғылданды. 2002 жылы 8 сәуірде 87 жасында дүниеден озды.

Хаби Жақыпов әулетінен елімізге танымал ұл-қыздар тәрбиеленіп, өсті. Атап айтқанда, ұлы Мирболат Жақыпов мемлекеттік қызметшілер, банк қызметкерлері және қоғамдық ұйымдардың республикалық кәсіподағының төрағасы лауазымын атқарса, қызы Гүлнәр Жақыпова М. Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында актриса болып, «Қазақстанның Халық артисі» атағына ие болды, кіші ұлы Төрешұрат Жақыпов бизнесте бағын жандырды. Басқа ұл-қыздары да – бүгінде бір-бір құтты шаңырақтың иесі, елге сыйлы азаматтар.

Хаби ағаның биге лайық қасиетінің бірі – адамгершілігі. Ол үкім шығарып тұрып, қылмыс жасағаны үшін сотталып жатқан жерлестерінің әрекетіне ағайынындай қынжылады екен. Қылмыскерге баяғының билерінше батырып айтып, оның жасаған қиянатына өкініп, өкситіндей күйге түсіретін шешендігі де болған. Тіпті күнінде оның шығарған үкімдері мен шешімдеріне сот залында тұрып та, жазасын өтеп келіп те, хат жазып та ризашылығын білдіргендер аз болмапты.

Хаби Жақыпов туған жерінен, ел-жұртынан іргесін ажыратпай билік еткен судья. Қызмет жасаған жылдарында ауылда тұрып, ел-жұртпен, ағайын-туыспен емен-жарқын, аралас-құралас өмір сүрді. Қателескенді түзу жолға салды, сүрінгенді демеді. Қиналып, ақыл-кеңес сұрай келгендердің тауын қайтармады. Сөйте тұра дау мен қиянатты шешуде ақиқаттың ала жібін аттаған жоқ. Жерлестері оның тұлғасынан әділеттің, шындықтың, дұрыстықтың сипатын тауып, пір тұтты. Ол қызмет жасаған сот ғимаратын әділеттің ақ отауындай бағалады. Ол жүрген жерде ақиқаттың айбары алдаспандай жарқылдады. Қазір Хаби Жақыповтың ұзақ жыл тұрақтап, қызмет атқарған сүйікті мекені – Казталов ауылының орталық көшесінің бірі оның есімімен аталады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 24 маусым – Судья және сот қызметкерінің күні болып белгіленді. Биыл атаулы күн елімізде бірінші рет аталып өткелі тұр. Осынау мерейлі мерекеде судья Хаби Жақыповтың есімі мен абырой-атағы, еңбегі мен қызметі ұлықтауға, келешекке өнеге етіп ұсынуға әбден лайық.

Ұ. МҰХАНҒАЛИЕВА,
Казталов аудандық
сотының төрағасы

**Болашақ ауылдық округі әкіміне үміткер
Аманжол Баянғалиұлы ҚАЗЫҒАЛИЕВ****Өмірбаян**

Мен 1985 жылы Казталов ауданы, Әжібай ауылында дүниеге келдім. Білімім жоғары. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетін «ветеринарлық санитария» мамандығы, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетін «құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдадым.

Еңбек жолын 2002 жылы Қошанкөл ауылында «Нұр аман» шаруа қожалығының жұмысшысы болып бастадым.

2010-2016 жылдары Қошанкөл ауылдық округі әкімі аппаратында жетекші маман;

2016-2020 жылдары аралығында Казталов ауданының ветеринария бөлімі басшысы;

2020-2022 жылдары Казталов аудандық аумақтық инспекциясының бас маман-мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы;

2022 жылғы ақпан айынан бастап Казталов ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы қызметін атқарып келемін.

**Сайлауалды бағдарламасы**

Болашақ ауылдық дәрігерлік амбулаториясын, Көпкүтір және Аққурай медициналық пунктін ғимараттарын күрделі жөндеуге;

Жаңатаң, Көпкүтір, Аққурай ауылдарына ауыз су тазартатын блок-модульді кешендерін орнатуға;

Көпкүтір, Аққурай ауылдарын көгілдір отынмен қамтамасыз етуге;

Болашақ ауылына бір шақырым, Жаңатаң ауылына 10 шақырым кіре беріс жолдарды асфальттап, республикалық жолға қосуға;

аудандық маңызы бар жолдардың үнемі тазалануын қадағалауға;

Көпкүтір ауылына шағын футбол алаңын салуға;

Көпкүтір негізгі білім беретін мектебі ғимаратын жөндеуге;

Болашақ ауылындағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын тазартып ұстауға;

А. Байтұрсынұлы атындағы орта жалпы білім беретін мектептің арнайы пән кабинеттерінің жаңартылуына;

ауылдық округке қарасты ауылдардың санитариялық тазалығын үнемі назарда ұстауға;

ауылдық округке қарасты ауылдардағы ұялы байланыс пен интернеттің сапасын жақсартуға;

«2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба» аясында жұмыссыздардың шағын несиелер мен гранттарға ие болуына;

электр жарығының үздіксіз берілуін және ауыл көшелеріндегі жарықтандыру мәселесін қатаң бақылауға алуға;

«Дипломмен – ауылға» жобасы аясында жас мамандарды ауылға тарту, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жаңа жобаларды іске асыруға;

мәдениет нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға;

бұқаралық спортпен шұғылданатын халық санын көбейтуге, оның ішінде ат спортын дамытуға атсалысамын.

Сайланған жағдайда өмірлік тәжірибесі мол ауылдастарыммен, қауымдастық өкілдерімен, мәслихат депутаттарымен бірлесе отырып, жоғарыдағы міндеттердің оң және тез шешілуіне аянбай еңбектенетін боламын деп сендіремін.

**БОЛАШАҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР
Жасқали Изғалиұлы МОЛДАҒАЛИЕВ****Өмірбаян**

Жасқали Модағалиев 1974 жылы Казталов ауданы, Бостандық ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. А. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша тәмамдаған.

1995 жылы А. Оразбаева орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;

2001 жылы «Техстрой» ЖШС-де референт-аудармашы;

2002 жылы ҚР Еңбек және халықты әлқиметтік қорғау министрлігінің БҚО бойынша департаментінде аудармашы, жетекші маман;

2003 жылы «Худайбергенов» ЖК-де жүргізуші;

2008 жылы Богатырев орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

2010 жылы Болашақ мәдениет үйінің директоры;

2011 жылы Казталов кітапханасы директорының шаруашылық меңгерушісі;

2012 жылы аудандық туризм және экология орталығында туризм әдіскері;

2014 жылы Көпкүтір ауылдық клубы меңгерушісі;

2017 жылы Казталов арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында аудармашы;

2019 жылы Тереңкөл ауылдық клубы меңгерушісі;

2020 жылдан бері Талдыапан мәдениет үйінің директоры қызметін атқарып келеді.

**Сайлауалды бағдарламасы**

Болашақ ауылдық округінің әкіміне үміткер ретінде сайлауға түсе отырып, округ тұрғындарының әлеуметтік жағдайының жақсаруына бар күш-жігерімді жұмсап, жұмыстанатын боламын. Атап айтқанда:

Болашақ ауылының бес шақырым кіре беріс жолы мен ішкі жолдардың құрылысын жүргізу;

Жаңатаң ауылына 10 шақырым жол жеткізуге ықпал жасау;

Көпкүтір ауылының тоғыз шақырым кіре беріс жолын күрделі жөндеуден өткізу;

Аққурай ауылының екі шақырым кіре беріс жолын күрделі жөндеуден өткізу;

Жаңатаң ауылын таза сүмен қамту;

Болашақ амбулаториясын күрделі жөндеуден өткізуге жұмыстану;

Болашақ, Жаңатаң ауылдарының бөгеттеріне су шығаруға үнемі бақылау жүргізу;

Көпкүтір, Аққурай ауылдарына газ өткізу жұмысын жалғастыру;

«Билайн» ұялы байланысы жұмысын жақсартуды қадағалау;

жұмыссыздарға жеке кәсіп ашуға жәрдемдесу арқылы жұмыссыздық деңгейін азайту;

округ аумағындағы жол бойында орналасқан қызмет сервистерінің жұмысын жандандыру.

Сайланған жағдайда өмірлік тәжірибесі мол ауылдастарыммен, қауымдастық өкілдерімен, мәслихат депутаттарымен бірлесе отырып, жоғарыдағы міндеттердің оң және тез шешілуіне аянбай еңбектенетін боламын.

**КАЗТАЛОВ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ
ХАБАРЛАМАСЫ**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына сәйкес Казталов аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 2022 жылдың 15 маусымы күні Болашақ ауылдық округі әкімі лауазымына келесі кандидаттарды тіркеді.

Болашақ ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидаттар

Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері
Иманғалиев Нуркен Тлепович	1984	Сектор меңгерушісі, Казталов аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, БҚО, Казталов ауданы, Казталов ауылы. Өзін-өзі ұсынды.
Кажығалиев Аманжол Баянғалиевич	1985	Бас маман, Казталов ауылдық округі әкімінің аппараты, БҚО, Казталов ауданы, Казталов ауылы. Өзін-өзі ұсынды.
Молдағалиев Жасқали Изғалиевич	1974	Директор, Талдыапан ауылдық мәдениет үйі, БҚО, Казталов ауданы, Талдыапан ауылы. Өзін-өзі ұсынды.

«БҚО, Казталов ауданы, Қайыңды ауылында орналасқан 150 орындық мәдениет үйінің құрылысы» жобасына жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Ұсыныстар мен ескертулер жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдау өтетін мерзім – 28 маусым мен 4 шілде 2022 жылы аралығында қабылданады.

Тапсырыс беруші: «Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі, тел.: 8 (7163) 646288.

Құжаттаманы әзірлеуші: КБ «МунайГаз Инжиниринг» ЖШС, тел.: 8 (71144) 31-677.

Жоба бойынша құжаттама <https://ecoportal.kz/> сайтында орналасқан.

Ұсыныстар мен ескертулер жергілікті атқарушы орган – «Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: +7 7112 24 41 11, 24-41-06 және <https://ecoportal.kz/> сайтында қабылданады.

Общественные слушания в форме публичного обсуждения проводится по проекту «Строительство дома культуры на 150 мест в селе Кайыңды Казталовского района ЗКО».

Замечания и предложения принимаются в период проведения общественных слушаний в форме публичного обсуждения в период от 28-го июня до 4 июля 2022 г.

Заказчик проекта – государственное учреждение «Отдел архитектуры, градостроительства и строительства Казталовского района Западно-Казахстанской области». Тел.: 8 (7114) 431-677.

Разработчик проекта – ТОО КБ «МунайГаз Инжиниринг». Тел.: 8 (7242) 200110.

Документация по проекту размещена на сайте <https://ecoportal.kz/>.

Предложения и замечания принимаются в местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Западно-Казахстанской области», тел.: +77112244111, 24-41-06 и на сайте <https://ecoportal.kz/>.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ

Жеке және заңды тұлғалар назарына!

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI ҚРЗ кодексінің 9-бабына сәйкес мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалау объектісінің, қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жаңа түрлерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды береді7

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын өнімдер мен эпидемиялық мәні бар объектілердің тізбесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы №ҚР ДСМ-220/2020 бұйрығына сәйкес эпидемиялық мәні жоғары объектілер санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу қажет. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды дегеніміз – мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалау объектілерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігін куәландыратын құжат.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетіледі.

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында мынандай мемлекеттік қызметтер көрсетіледі:

– «Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру»;

– Қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жаңа түрлерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 10 жұмыс күні;

– «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектісіне есепке алу нөмірін беру». Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 5 жұмыс күні. Есепке алу нөмірі – тамақ өнімін өндіру объектісінің қызмет түрін және нөмірін қамтитын код.

Барлық көрсетілетін мемлекеттік қызмет «Электрондық үкімет» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі және қорытындыны ала алады.

Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар» Заңына сәйкес эпидемиялық мәні болмашы объектілер қызметінің басталғаны немесе тоқталғаны бойынша хабарламалар жібереді. Сондай-ақ хабарламалар «Электрондық үкімет» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін негізде көрсетіледі.

Д. ҒАБДУЛЛИНА,
Қазталов аудандық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының бөлім басшысы



ШӨП ШАБУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

Аудан көлемінде мал басы жыл санап артып келеді. Осыған байланысты мал азығын дайындау мәселесі маңызға ие. Биыл ауданға 300 мың тонна мал азығы (шөп) қажет. Соңғы жылдары ауданымызда қуаңшылық салдарынан шөп шығымы төмен болды. Оның үстіне аудан көлемінде киік саны әлдеқайда артып, біраз елді мекендегі көкті отап кеткені көпшілік тұрғын, шаруа қожалығы иелері арасында мәселе туғызып отырғаны жасырын емес.

Биыл жауын-шашын мол болып, аудан аумағында шөп бітік шықты. Көктемде жоғарыдан өзендерге келетін судың мол болуы да оң әсерін беріп отыр. Шөп шабу науқаны маусым айының басында басталып кетті. Аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің берген мәліметіне сүйенсек, ауыл шаруашылығы техникаларына техникалық бақылау жүргізілген. Биыл 560 трактор шөп шабуға қатысуға әзір. Аудан бойынша тіркелген 432 орақ

болса, соның 335-і шабындыққа түскен.

Мал азығын дайындау үшін облыстан Қазталов ауданына 300 тонна арзандатылған жану-жағармай бөлінсе, соның 150 тоннасы сәуір-мамыр айларында шаруа қожалықтарына берілді. Ал қалған 150 тоннасы маусым айында игерілмек. Жалпы, арзандатылған жану-жағармаймен 65 шаруа қожалығы қамтылмақ. Бұл жану-жағармай қожалықтарға лирті 188,5 теңгеден «Нефтэк» ЖШС арқылы беріліп жатыр.

Өткен жылдары шөп шығымы төмен болған округтер шөп жақсы шыққан округтерден тасымалдаған болатын. Сонымен қатар басқа көршілес аудандардан да тасымалдады. Биыл да сол үрдіс жалғасын табатын болады.

«Ауыл айнасы» ақпарат

Қосымша I
Қазталов ауданы бойынша 2022-2023 жылдар қыстағына қажет мал азығы (шөп)

Рет саны	Ауылдық округ атауы	Мал қыстату мерзімі	Барлығы		Соның ішінде			
			Қыстайтын орташа мал саны, шартты бас	Қажетті, мың тонна	Шаруашылықтарда		Жеке тұлғаларда	
					Қыстайтын орташа мал саны, шартты бас	Қажетті, мың тонна	Қыстайтын орташа мал саны, шартты бас	Қажетті, мың тонна
1	Қайыңды	165	4886	10,5	3245	7,0	1641	3,5
2	Болашақ	165	6278	13,5	3260	7,0	3018	6,5
3	Қазталов	165	13439	28,8	5831	12,5	7608	16,3
4	Бостандық	165	6643	14,2	4824	10,3	1819	3,9
5	Қошанкөл	165	7544	16,2	5081	10,9	2463	5,3
6	Тереңкөл	165	6434	13,8	4623	9,9	1811	3,9
7	Қараоба	165	6989	15,0	4821	10,3	2168	4,7
8	Бірік	165	8122	17,4	6526	14,0	1596	3,4
9	Жаңажол	165	7962	17,1	5848	12,5	2114	4,5
10	Қарасу	165	8334	17,9	5227	11,2	3106	6,7
11	Қараөзен	165	9869	21,2	6852	14,7	3017	6,5
12	Көктерек	165	15916	34,1	10458	22,4	5458	11,7
13	Ақпәтер	165	11727	25,2	9906	21,2	1821	3,9
14	Талдықұдық	165	6175	13,2	4130	8,9	2045	4,4
15	Талдыапан	165	14892	31,9	9521	20,4	5371	11,5
16	Жалпақтал	165	4639	10,0	57	0,1	4582	9,8
	Аудан бойынша	165	139847	300,0	90210	194	49638	106,5

Бөлім басшысы

С. Тоқпанов

Үй сатылады

Жалпақтал ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 6 үйдің екінші қабатында орналасқан бір бөлмелі пәтер сатылады.

Бағасы келісім бойынша.

Байланыс нөмірлері: 8-701-180-68-40, 8-700-103-03-76.

Деркөл кентінде «Пассовет» аялдамасы, Панельная, 5/5 мекенжайында орналасқан үш бөлмелі үй сатылады. Үйдің іші жөндеуден өткен, қалалық тіркеуде. 7, 4, 52, 16 маршруттар қатынайды. Үйдің аумағы 62,3 шаршы метрді құрайды. Үй маңында №12, 48, 49 мектептер орналасқан. Сондай-ақ үй жанында «Орал» спорт кешені, дарынды балаларға арналған мамандандырылған облыстық мектеп-интернаты, музыка мектебі, балабақша, базар, дәріхана және дүкендер де бар.

Бағасы келісім бойынша.

Байланыс нөмірлері: 8-775-212-51-43, 8-778-558-98-01; үй телефоны: 25-15-39.

Меншік иесі: “Жайық Пресс” ЖШС
Бас директор
Табылғали САПАРОВ

“Жайық Пресс” ЖШС
Қазталов аудандық
“Ауыл айнасы” қоғамдық-саяси
газетінің директор-редакторы
Қайрат ЖАҚЫП

Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылы
19 қаңтарда тіркеліп, №12263-Г куәлігі берілген
Индексі 65794
Газет жарияланымдарындағы автор пікірі
редакцияның түпкілікті көзқарасы болып
есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына
жауап бермейді, оны қайтармайды.
Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Мекен-жайымыз: 090700, Батыс Қазақстан
облысы, Қазталов ауданы, Қазталов ауылы,
Шарафутдинов көшесі, 13
Телефондар: Редактор: 31-4-68,
Жалпақтал ауылы: 21-3-70
Біздің электронды поштамыз
E-mail: aulainasi@mail.ru
Ⓐ Белгісімен жарияланған материалдар ақылы
болып есептеледі.


Газет “Жайық Пресс” медиахолдингіде
компьютерлік
әдіспен теріліп, беттелді.
“Полиграфсервис” ЖШС баспаханасында басылды.
Орал қ., Л.Толстой көш., 27/6.
Газет аптасына 1 рет шығады.
Көлемі 3 баспа табақ. Тапсырыс: 25
Таралымы 3289 дана.

АБЗАЛ ЖАНҒА АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ

Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігер мамандығын халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген. Күні кеше аяулы әжем Бақытжамал Жұмағалиева қатты ауырып, ауруханаға түсті. Сол сәттен бастап жылы қабақ танытып, аялы алақанымен ем-дом жасаған Казталов аудандық ауруханасының анестезиолог-реаниматолог дәрігері Әнуар Айдарұлы Сапаровқа шексіз алғысымды білдіремін. Күні-түні уақытпен санаспастан қасында болып, әжемді өлім аузынан алып қалды. Былайша айтқанда, әрбір ісіне тиянақты, жылы сөзімен ауырып келген адам жанын жадырататындай қасиетке ие жан.

Сізді кәсіби мерекенізбен шын жүректен құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, кәсіби біліктілігіңіздің арқасында биік асулардан көріне беріңіз деген ақжарма тілегімді білдіремін.

Аида КАТИМОВА,
немересі,
Казталов ауылы



АРДАГЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ЖАРЫС



Жалпақтал ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде аудандық «Айбын» спорт клубының ұйымдастыруымен ауыл ардагерлері арасында үстел теннисі, себетке доп лақтыру және шахмат, дойбы ойындарынан іріктеу сайысы өтті. Жарыста ардагер спортшылар шебер ойын өрнегін көрсетіп, жарыс жүлдегерлері қатарынан табылды.

Атап айтсақ, себетке доп лақтырудан Гүлайым Хайдарова III, Күнтуар Жұбанаев II, Сергей Зверев I орынды иеленді.

Дойбыдан Күнтуар Жұбанаев III, Рахмет Сәтiev II, ал Қанатқали Бисенғалиев I орынды жеңіп алды. Шахматтан Қыдыр Харесұлы III, Ерғали Шайхiev II, Темірболат Досқазиев I орынды қанжығасына байлады. Үстел теннисінен Амангелді Кенжеғалиев III, Рахмет Сәтiev II, Самиғолла Ақмурзин I орынға ие болды.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері диплом, медаль, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Қ. ҚАРАБАЛА



АУЫЛ ЖАНАШЫРЛАРЫНА ДӘН РИЗА

Жалпақтал өңірі – өнерге бай өлке. Оның шетел асып, әлемге танымал болған дарынды перзенттері жетерлік. Сондықтан бүлдіршіндер үшін өнер ошақтарын ел болып қорғауға, дәстүрлі өнерді қолдауға атсалысу – жауапкершілігі мол, үлкен міндет.

Жалпақтал ауылындағы дәстүрлі өнер орталығында «Қыз Жібек» домбырашылар ансамблінің негізін қалаушы, танымал ұстаз Баян Қабиева жас өнерпаз қыздарымыздың Түркия мемлекетінде өткен үлкен өнер байқауына алаңсыз қатысуына жағдай жасап, демеушілік көрсеткен ауылдың қолы ашық, жүрегі жомарт бір топ азаматы мен азаматшасына «Қыз Жібек» ансамблінің барлық өнерпазы

атынан шынайы ризашылығын білдіріп, арнайы алғысхаттар табыс етті.

Өздеріне көрсетілген үлкен құрметке риза болған шақырулы қонақтар жас өнерпаздардың өнерін тамашалап, ансамбль жетекшісі Баян Құбайқызы мен Асылхан Қымызбайұлына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тіледі.

Қашан да ел ағаларының қамқорлығына ие осындай мәдени ошақтар ауыл атымтайлары тарапынан үнемі қолдау тауып жүрсе, нұр үстіне нұр. Дәстүрлі өнерге арналған жаңа орталықтың шаңырағы өнерпаз өрендерден арылмасын!

Қыдыр ХАРЕСҰЛЫ



ЧЕМПИОНДЫ ЖЕРЛЕСТЕРІ ҚАРСЫЛАДЫ



Күні кеше Алматы қаласында өткен Қазақстанға еңбегі сіңген жаттықтырушы Абдрашит Абдрахмановты еске алуға арналған республикалық турнирде 2008-2009 жылы туған жасөспірімдер арасында 54 келі салмақ дәрежесінде бостандықтық Мадир Иран бокстан топ жарып, жеңімпаз атанды. Чемпионды туған елі қошеметпен қарсылады.

Мадир осы кезге дейін де көптеген бәсекеде жүлдегер атанып, бапкерлері

Асыланбек Сармалаев пен Тұрарбек Қалиевтің үмітін ақтап келеді. Осы жолғы додада БҚО жасөспірімдер құрамасы сапында ел чемпионы атанып, облыс, қала ерді аудан мәртебесін асқақтатты. Алдағы уақытта Мадир Қазақстан Республикасының кіші жасөспірімдер құрамасы сапында Азия чемпионатында өнер көрсетпек.

Жиналған көпшілік ақ батасын беріп, биік шыңдардан көрінуіне тілек білдірді.

«Ауыл айнасы» ақпарат

АУЫЛ айнасы



20 маусым күні республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстары бойынша меншікті тілшісі болған журналист, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Темір Құсайыновтың 65 жасына арналған «Көңілден өшпес бейнесі» атты еске алу кеші өтті.

«КӨҢІЛДЕН ӨШПЕС БЕЙНЕСІ»

Темір Нағымұлы 40 жылға жуық журналистика саласында қызмет еткен кезінде таланты мен шығармашылық қызметі жарқырап көрінді. Қаламы қарымды журналист облыстың экономикасы, әлеуметтік және мәдениет саласының түрлі мәселесін кеңінен жазып, оның шешілу жолына да өз үлесін қосты. Оның қаламынан шыққан әрбір мақала, өзекті ой, құнды пікір елдің дамуына сеп болды. Республикалық басылымда қызмет істеп жүрсе де, туған ауылының мәселесі, халықтың жағдайы назарынан тыс қалған жоқ.

Кештің ашылу салтанатында сөз алған аудан әкімі Рүстем Зұлқашев келген қонақтарға және жиналған жұртшылыққа «Қош келдіңіз» айтып, Темір Нағымұлының өнегелі өміріне қысқаша тоқталды. Рүстем Мүлқайұлы кеш тізгінін ақын, Ақжайық ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Сағынтай Бисенғалиевке табыстады.

Сағынтай ақынның Темір туралы адуынды өлеңдерімен өрілген кеште сөз кезегі шара қонақтары – «Жайық Пресс» медиахолдингінің бас директоры Табылғали Сапаровқа, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Лавр Хайретдиновке, құқық қорғау саласының ардагерлері, достары Серік Жабасовқа, Бахтияр Баймырзаға, Нұрлан Тұяқовқа берілді. Қонақтар Темір Нағымұлы туралы тамаша естеліктер айтты.

Кеш әдемі әндермен өрнектеліп, Мұрат Ахметов «Ауылды аңсау» әнін, әнші-термеші жерлесіміз Ажар Ситенова Темір ағасына арнаған арнауын шырқады. Жерлес жыршы Ажар

ханым аудандық музейге Темір Құсайынға табысталмай қалған Әлем Халықтары Журналистер одағы төсбелгісін салтанатты түрде тапсырды.

Сахна төріне республикаға, облысымызға танымал бір топ журналист көтерілді. Темақанның аңқылдақ ақ мінезі мен шығармашылығы туралы «Егемен Қазақстан» газетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі Қазбек Құттымұратұлы, ақын, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Ғайсағали Сейтақ, ақын, ардагер ұстаз Дариға Мұштанова, «Сырым елі» газетінің жауапты хатшысы, ардагер журналист Мүсірбек Айташев, ақын, «Ауыл айнасы» газетінің тілшісі Қыдыр Харесұлы естелік сыр шертіп, өлеңдерін оқыды.

Еске алу кешінде Темір Нағымұлы туралы әсерлі бейнежазба көрсетілді. Ел ағалары атынан сөз саптаған еңбек ардагері Уәлиолла Әбішев Темір Нағымұлы туралы сағынышқа, ыстық ықыласқа толы лебізін жеткізді.

Темір Құсайынның журналистік шеберлігі, қаламгерлік қыры ел газетінде жарқырай көрінді. Әр мақаласына көз сүріңдірер санды тізбектемей, оқырманды елең еткізетін қызықты деректерді көбірек арқау етуші еді. Алыс ауылдардың толғауы тоқсан тіршілігін, өңір тұрғындарын толғандырған әлеуметтік мәселелерді боямасыз саралаған проблемалық мақалалары салалық министрліктер мен Үкіметтің назарын аудартты. Қай мәселені де ұлттық, елдік мүдде тұрғысынан қозғады. Мақаласының мазмұны көркемсөз секілді төгіліп

тұратын. Осылайша, қазақ баспасөзінің қара шаңырағында 30 жылға жуық абыройлы еңбек етті. «Егеменде» еңбек еткен жылдарында мемлекеттік марапатқа – «Ерен еңбегі үшін» медалі мен «Құрмет» орденіне ие болды. «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісін, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің «Парламент сөзі» сыйлығының «Үздік баспа жарияланымы үшін» аталымын иеленген еді. Өзі ұнататын тағы бір атағы – «Егеменнің» ардагері» еді.

Кеште сөз сөйлеген Темақанның бауырлары Мирлан, Ерлан, Нұрлан Құсайыновтар және ұлы Қуаныш, сүйікті немересі Нұржігіт шараға арнайы келген қонақтар мен жиналған көпшілікке алғыстарын жеткізді. Құсайыновтар әулеті атынан аудандық орталықтандырылған модельдік кітапханаға 1948 жылы жарық көрген Абайдың шығармаларын тарту етті. Сонымен бірге Темір Нағымұлы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің «Парламент сөзі» сыйлығының иегері болғаны белгілі. Бауырлары мен ұлы осы марапатын аудандық музейге табыстады. Құсайыновтар отбасы кешті әсем де әсерлі жүргізген Сағынтай Орынғалиұлының иығына шапан жауып, естелік сыйлық сыйлады.

Халық «Егеменді» іздесе, Темірді бірге іздейді. Өзінің саналы ғұмырында еліне қызмет жасаған белгілі қаламгер, талантты журналист Темір Құсайынның есімі жерлестерінің есінде ұзақ сақталады.

Қайрат ЖАҚЫП

БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖАЛҒАСУДА!



Құрметті оқырман қауым!

Облыстық «Орал өңірі», «Приуралье» газеттеріне және 90 жылдық тарихы бар «Ауыл айнасы» газетіне 2022 жылдың I I жартыжылдығына жазылу науқаны басталды. Сондықтан аудан өмірінен сыр шертетін сүйікті газеттеріңізге жазылуды ұмытпаңыздар.

Жеке тұлғалар үшін:
«Орал өңірі», «Приуралье» 6 айға – 4231, 90 теңге

Занды тұлғалар үшін :
«Орал өңірі», «Приуралье» 6 айға – 5081, 90 теңге

Жеке тұлғалар үшін:
«Ауыл айнасы» газеті 6 айға – 1673 теңге
Занды тұлғалар үшін 6 айға – 2708 теңге
Сүйікті газетке жазылудан қалыс қалмайық, ағайын!